

Өміржанов Е.Т.
**Анахарсистің саяси-құқықтық
көзқарастары және эллинизм**

Мақалада автор сақ тайпасынан шыққан ұлы ойшыл Анахарсистің шығу тегі және өміріне қатысты мәліметтерге талдау жасайды. Автор Анахарсистің қоғам, мемлекет, құқық жайлы ұстанымдарына талдау жасау үшін оның осы уақытқа дейін сақталған хаттарын зерделейді. Мақалада Анахарсистің құқық пен саясат бойынша тәжірибе жинақтау үшін эллиндер еліне барып, онда ұлы ойшыл Солонмен кездескені және олардың арасында болған әңгімелер туралы мәліметтерге сілтеме жасалады. Жалпы, автордың пікірінше, Анахарсистің саяси-құқықтық көзқарастарының дамуына эллинизмнің де үлкен әсері болған. Анахарсис көптеген мәселелерде өзінің еркін адам екендігін өз артықшылығы ретінде көрсете білген, адамның дүниемүлікке тәуелсіз, еркін өмір сүруін бақыт деп түсінген. Дегенмен, Анахарсис эллиндер елінен сақ даласына қайта оралған соң эллиндік құндылықтарды дәріптегені үшін қаза табады.

Түйін сөздер: сақтар, эллинизм, саяси-құқықтық көзқарастар, ойшыл.

Omirezhanov E.T.
**Political and legal views of
Anacharsis and Hellenism**

In the article the author analyzes the data on the origin and life of the great Sak philosopher Anacharsis. To analyze the views of Anacharsis about society, state and law the author studied his extant letters. The author refers to information about the Anacharsis trip to the Greeks to gain experience in the field of law and policy, and his meeting with the great philosopher Solon, about their conversations. In general, according to the author, Hellenism influenced on the development of political and legal views of Anacharsis greatly. Anacharsis largely proud of the fact that he is a free man, in his understanding happiness is a free and independent life from the property. However, after returning to Sak valley Anacharsis was killed for the glorification of the Hellenic values.

Key words: saks, Hellenism, political and legal views, thinker.

Омиржанов Е.Т.
**Политико-правовые взгляды
Анахарсиса и эллинизм**

В статье автор анализирует данные о происхождении и жизни великого сакского мыслителя Анахарсиса. Для анализа взглядов Анахарсиса об обществе, государстве и праве автор изучал дошедшие до нас его письма. В статье автор ссылается на данные о поездке Анахарсиса в страну эллинов для получения опыта в области права и политики и его встрече с великим мыслителем Солоном, об их беседах. В общем, по мнению автора, на развитие политико-правовых взглядов Анахарсиса большое влияние оказал эллинизм. Анахарсис во многом гордился тем, что он является свободным человеком, в его понимании счастье – это свободная, независимая от имущества жизнь. Однако, Анахарсис после возвращения в сакскую долину был убит за прославление эллинские ценности.

Ключевые слова: саки, эллинизм, политико-правовые взгляды, мыслитель.

**АНАХАРСИСТІҢ
САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӘНЕ
ЭЛЛИНИЗМ**

Анахарсис ежелгі сақ тайпаларынан шыққан ойшыл, ғұлама, өмір сүрген жылдары шамамен б.з.д. 620-555 жылдар аралығы [8, 61 б.]. Оның шыққан тегі патша әулеті болады, нақты айтқанда, Анахарсис сақ патшасы Иданфаристің әкесі Савлийдің туған бауыры болды. Анахарсистің әкесі сақ патшасы Гнур, анасы эллиндік болады (анасының есімі белгісіз), сондықтан ол сақ және грек тілдерінде еркін сөйлеген. Анахарсис туралы ежелгі грек ойшылдарының шығармаларынан, Геродоттың жазбаларынан көптеген деректер табуға болады. Б.з.д. 594 жылы Анахарсис туған елінен Афинаға саяхаттап келеді. Афинаға баруының басты себебін ол Крез патшаға жазған хатында баяндайды. «Лидия патшасы! Мен эллиндер жеріне олардың құқығы мен әдет-ғұрпын үйрену үшін келдім, маған алтынның қажеті жоқ, мен үшін Скифияға жетілген адам болып оралу маңыздырақ» [3, 96 б.]. Геродот та өз шығармасында Анахарсисти сақ патшасының өзі арнайы Грекияда білім алуға жібергені туралы естігенін айтады [6, 58 б.]. Анахарсистің эллиндер еліне келгенде скиф Токсаристі кездестіргені жайлы мәліметтерді Лукиан Самосатскийдің жазбаларынан біле аламыз. «Скиф немесе жат елдегі дос» атты әңгімесінде ол Анахарсисти Солонмен таныстырған адам ретінде өз елін тастап эллиндер елінде құрметті адам болған скиф Токсаристі көрсетеді. Анахарсис Афинада ғұлама философ, реформатор Солонмен танысып, дос болып, сонда қоныстанады. Лукиан Самосатскийдің «Анахарсис, немесе денені жаттықтыру жайлы» әңгімесінде Анахарсис өзінің Грекияға келуін келесідей баяндайды. «Солон, мен үлкен қашықтықты жүріп өтіп, ұлы да қатал Эвксин теңізіні жүзіп өтіп эллиндердің заңдарын білуге, әдет-ғұрпын түсінуге, мемлекет құрылысының ең озық үлгісін зерттеуге келдім. Мен барлық афиндіктердің ішінен дос болу үшін сені таңдадым, себебі, сен заңдар шығарып, озық әдет-ғұрыптар мен пайдалы істер ойлап тауып, жалпы мемлекетті құрды деп естідім. Сондықтан, мені тезірек білгенінді үйретіп, шәкірт жаса. Сен сөйлей алатын жағдайда болғанда мен сенің мемлекет пен заңдар жайлы ойларыңды қуана-қуана қасыңда отырып тамақ пен сусын ішпестен аузымды ашып тыңдайтын боламын» [9, 217 б.]. Б.з.д. 559 жылы Солон қайтыс болған соң Анахарсис Скифияға қайта оралады. Елге оралған соң, оны эллиндер елі-

нің құндылықтарына бой ұрып, өз елінің салт-жоралғыларынан бас тартпақ болғаны үшін ағасы Савлий аң аулап жүрген жерінде садақпен атып өлтіреді. Анахарсис өлерінің алдында «Мені Эллада жерінде ақылым қорғады, өз отанымда қызғаныш түбіме жетті» деген сөзді айтып кетеді [3, 95 б.]. Жалпы, Анахарсистің өлімінің себебіне қатысты пікірлер әртүрлі, кейбір авторлар Анахарсистің эллиндік салт-дәстүрге бой ұрып, грек құдайларына ғибадат етуін басты себеп ретінде атаса, енді біреулері оның өлімінің саяси себептерін іздейді. Мысалы, бұл мәселеге байланысты А.М. Хазанов «Геродот б.з.д. V ғасырдағы Скифиядағы Анахарсис пен Скил есімдеріне байланысты екі жанжалды атап көрсеткен. Олардың біріншісі неғайбыл, екіншісі нақты түрде скиф қоғамындағы жоғарғы топтар арасындағы бағыттарды және саяси топтардың өзара күресін көрсете алады» [4, 234 б.] деген пікір білдіреді. Профессор Ф. Есім де Анахарсистің өлімін оның грек реформаторы Солонның жанында көп жүргендіктен өз еліне қайтып оралған соң сақтардың мемлекеттік басқару жүйесіне реформа жүргізуге талпыныс жасауымен байланыстырады [2, 29 б.].

Анахарсис сақтардың жауынгерлігін, ізгілігін, асқақтығын әйгілейтін көптеген таңғажайып даналықтарды айтып, гректерді тамсандырды. Оның «сақтар сүйектен өткен ащы сөзді емес, сөзді нақышына келтіріп тура сөйлей алмайтын адамды жек көреді» деген сөзі және өзге де шешендік нақылдары тек Анахарсистің ғана емес, біздің ежелден келе жатқан болмысымыздан хабар беріп тұрғаны анық [1, 31 б.]. Анахарсистің артында мол жазба мұра қалған жоқ, Диоген оның скифтердің әдет-ғұрпы мен эллиндердің қарапайым өмірі мен соғыстары жайлы 800 жолдан тұратын өлеңдер жазғанын, шешендігіне халық сүйсініп, ол жайлы «скиф сияқты сөйлеу» деген нақыл қалғанын айтады. Бізге дейін жеткен Анахарсистің жазған он хаты оның көзқарастарынан көп хабар береді. Оның саяси-құқықтық көзқарастарын біз оның артында қалған осы хаттарынан кездестіре аламыз. Сонымен қатар, кейбір антикалық авторлар Анахарсистің жауаптары мен пікірлерін өз еңбектерінде жазып қалдырған.

Анахарсис ең алдымен білім қуып, өзінің рухани жан-дүниесін байытуды көздеген ғұлама. Оның эллиндер еліне келуінің басты себебі де рухани кемелдену болған. Сол себептен ол материалдық құндылықтарды рухани құндылықтардан төмен қояды. Адамның басты байлығы ретінде оның еркіндігін түсінеді. Еркін

өмірді қалайтын сақ ретінде ол өзі үшін еркіндіктің бағасының қымбат екендігін патша ұлына хатында баяндайды. «Сенде флейта мен ақшаға толы әмиян, ал менде садақ пен жебелер бар. Сондықтан, сен құлсың, ал мен еркін адаммын. Сенің жауың көп, ал менде оның бірі де жоқ. Егер сен ақшанды тастап, қолыңа садақ пен қорамса алып скифтермен бірге өмір сүруді қаласаң, сенде де біздің барлық игіліктеріміз пайда болады». Дүниенің құлы болмау туралы ойын ол Ганнонға жазған хатында жалғастырады. Анахарсис өзінің киімінің скифтік хлена, аяқ киімінің жалаң табаны, төсегі жер, тамағы сүт, ірімшік пен ет екендігін, Тәтті тағам деп ол үшін аш жүруді түсінетіндігін, Адамдардың басым бөлігі тынбастан еңбек ететін нәрсенің барлығынан өзінің азат екендігін айтады. Ол өз өсиеттері арқылы адамдарды байлық жинаймын деп сол байлықтың құлына айналуға сақтандырады. Еркіндік жайлы сөз қозғалғанда Анахарсистің Эзопа берген жауабын келтіре кеткен орынды. Жеті ғұламаның сауығының барысында сөз үй шаруасын басқаруға келгенде Эзоп Анахарсистің үй-күйсіз жүргенін айтып, сақтардың күймеде өмір сүретіндігін күннің атысы мен батысымен салыстырып, келемеждейді. Оған шамданған Анахарсис былай деп жауап береді: «Күн құдайлардың ішіндегі ең еркіні, ол ешкімге бағынбайды, өз заңдары бойынша өмір сүреді, барлығына билік етіп билеп-төстейді. Оның арбасы теңдессіз көркем және ұлы, ал, сен оны байқамадың, болмаса менің арбаммен салыстырмас едің» [10, 252 б.]. Осы арқылы сол кезеңдерде сақтардың күн құдайын құрметтегенін де көруге болады. Ал, Анахарсис өз құдайының еркін болуымен байланысты өз халқының да еркіндікті қалайтындығын мақтанышпен жеткізеді.

Анахарсистің саяси-құқықтық көзқарастарын талдағанда ең алдымен оның мемлекет және мемлекеттегі билік жайлы пікірлеріне тоқталу орынды болар. Кейбір пікірлерін оқи отырып, оның билеушіге қатысты көзқарастары мен өсиеттері осы кезде де өз маңызын жоя қоймағанын көруге болады. Ол Лидия патшасы Крезге жазған хатында билеуші үшін зор байлық та, орасан зор иеліктер де дана болуға көмегін тигізбейтіндігін жеткізіп, артық нәрседен арылуға кеңес берді. Шамадан тыс ләззаттан жапа шеккен тәнді емшілер емдеп жаза алғанымен, жанды емдеушілердің жоқ екендігін алға тартты. Билікке келген адамның көп нәрсеге оңай қолы жететіндіктен оның өзін шектей білуі, қажетсіз нәрседен, артық байлықтан бас тартуы қажеттігін

айтады. Билік етудің бір кездері аяқталатындығын және патшаның жағымды атының ол билік құрған кезде емес, керісінше, ол биліктен кеткенде шығатынын ескертеді. «Саған алтын өзен боп ағып, байлық даңқы келсе, солармен бірге көре алмаушылар мен байлығыңды, алтыныңды тартып алуға ниеттенушілер еріп келеді. Егер сен осындай лас нәрселерден тазарсаң денің сау болар еді, еркін сөйлеп, елді еркін басқарар едің. Осы патшаның денсаулығы болып табылады. Егер осы қасиеттер сенің ішкі сапаңа айналса, ешкім де сенің басқа жағдайыңның керемет екендігіне таң қалмас еді. Бірақ, шекті білмейтін ауру сені жаулап алып, еркін адамнан құлға айналдырды. Осылайша сенің бұрынғы кемшіліктерің қазір сені иеліктеріңмен бірге бағындырғандарға ауысты. Оларға сенің шеккен азабың да ауысатынына сенімді бол. Мен саған кезінде Солон афиндіктерге берген кеңесті берейін. Ең бастысы қазіргі жағдай емес, саған келетін абыройлы өлім әкелетін нәрсе. Шындығына келгенде ол мұны ашық айтқан жоқ, себебі, ол скиф емес. Егер сен менімен келісетін болсаң менің кеңесімді Кир мен барлық басқа тирандарға жеткіз, ол билігін жоғалтқандардан гөрі әлі де тақта отырғандарға көбірек пайдалы» [5, 216 б.].

Ел билеушінің қандай сипаттағы адам болуы жайлы Анахарсис өз ойларын тек хаттарында ғана емес, өзгелермен болған әңгімелер барысында да жеткізген болатын. Анахарсис ел билеушісінің жағымды қасиеттері жайлы пікірін жеті данышпанның Плутарх жазған әңгімесінен білуге болады. Анахарсис ел билеушінің өзім білемдікке салынбай, өзгелердің де пікіріне құлақ асуын жақсы қасиет ретінде сипаттайды. Яғни, ел билеушінің өзін өзгелерден ақылды санамай, өз басын ұлықтамай, өзгелердің пікіріне құлақ асуы оның ең жақсы қасиеті деп ұғады. Ол әңгіменің желісі бойынша, сауық-сайран құрып отырған жеті данышпан патшаның атақ-даңқы мен абыройын асыратын қасиеттері жайлы бір-бірден пікір білдіреді.

Солон: Патшаның атақ-даңқы ол өз билігін халықтық билікке айналдырғанда ғана артады.

Биант: Оған қоса заңға бағынудың үлгісін бірінші өзі болып көрсететін болса.

Фалес: Өз ажалымен өлсе және асарын асап, жасарын жасап өлсе, билеушінің бақыты деген сол.

Анахарсис: Оған қоса барша жұртының ішіндегі жалғыз данагөй тек өзі ғана болып жүрмесе.

Клеобул: Оның үстіне өзіне жақын жүргендердің сөзіне ермейтін болса.

Питтак: Қол астындағы жұрт одан қорықпай, ол үшін қорқатын жағдайға жеткен болса.

Хилон: Билеуші өлетін, өшетін нәрсені емес, өлмейтін, өшпейтін нәрсені ойлауы керек» [7, 57 б.].

Билеушінің халықтың қамын ойлауы қажеттігі, мейірбан болуы туралы өсиеттерін Анахарсис Фракияның қатыгез билеушісі Терейге хатында жалғастырады. Ол бірде бір ақылды билеушінің өз қойларына қамқорлықпен қарайтын қойшы сияқты өз халқын өлтірмейтіндігін айтты. Оның тағайындаған басқарушыларының жақсы басқара алмауынан халқының тоз-тозы шыққанын, мұндай жағдайда оның ешбір алға қойған жоспары орындалмайтындығын алға тартты. Ол Терейге өзі басқаратын халыққа аянышпен қарауға кеңес берді, оған халықтың жағдайын нашарлатқан патшаның билігі баянсыз болатындығын айтады. Халық кедейленсе, билеушінің елді қорғайтын күшті әскерінің болмайтындығын, билеуші қанша байлық жинаса да халқының қолдауынан айрылған соң жиған-тергенін өзінің жеке басын қорғау үшін, әскерді қамту үшін шашатындығын ескертеді. Оның қарамағында қалғандардың егер қарны ашса патшасына қарсы бүлік ұйымдастырып, оны бірден тастап кететіндігін ескертеді. «Егер сен өз билігіңді жеке басыңның баюы үшін пайдалатын болсаң, онда байлығың әлі де сақталады. Енді саған соғыс жүргізу үшін адамдар жетіспейді, бірақ, сен өз әскеріңді және өміріңді қорғауға қойылған адамдарды қамту үшін ақшаны шашасың. Егер сен оларды тойдырып тамақтандырмасаң олар бүлік шығарады, шөлейт жерлер мен орман басқан тауларға қашып кетеді, сол жақта орнығып ара сияқты еңбектенетін болады» [5, 214 б.].

Ел билеушінің бойындағы жаман әдеттердің оның игі мақсаттарға қол жеткізуіне кедергі болатындығын Анахарсис өзінің кезекті хатында баяндайды. Анахарсис тиран Гиппархқа хатында оның қателігін көрсетіп, дұрыс жолға түсуге шақырады. Ол Гиппархтың құмар ойындары мен шараптан бас тартып, әкесі сияқты ізгі істермен айналысып, мұқтаж жандарға көмектесуге ақыл береді. Егер жаман қылықтардан бас тартпаса өзінің өміріне де қауіп төнетіндігін ескертеді.

Жалпы, антикалық кезеңнен бастап бүгінгі күнге дейін қоғам үшін ең басты мәселелердің бірі әділетті мемлекет құру болып табылады. Өзі өмір сүрген кезеңдегі әділетті мемлекет сипаты туралы Анахарсис де көзқарасы өзіндік ерекшелігімен көзге түседі. Әділетті мемлекет турасындағы Анахарсис пікірі тағы да осы жеті данышпанның өзара ой бөлісуінде

орын алады. Анахарсис бұл мәселеде мемлекетті жақсы істердің ұйытқысы болып, жаман істерге тыйым салатын ұйым ретінде бағалайды.

Солон: Қай мемлекетте қылмыскерді жәбір көргендер ғана емес, олармен бірге жәбір көрмегендер де соттап, жазаға тартуға қатысатын болса, сол мемлекетте басқару ісі бәрінен жақсы, халық билігі бәрінен де күшті.

Биант: Қай елде заңнан зұлымнан қорыққандай қорқатын болса, халық билігі де сол жерде бәрінен мықты.

Фалес: Қай мемлекетте сіңірі шыққан кедей де, мұрнынан құрты түскен бай да болмаса, сол мемлекет әділетті, бақытты.

Анахарсис: Әділетті мемлекет – ізгілікке барынша құрмет көрсетіліп, зұлымдыққа барынша лағынет айтылатын, ал қалған қасиеттері тең түсіп жататын мемлекет.

Клеобул: Қай елде азаматтар заң сотынан гөрі ар сотынан қаттырақ қорықса, сол ел – ең бақытты ел.

Питтак: Қай елде ақымақ адамдардың билікке келуіне, ал ақылды адамдардың кетуіне тыйым салынса, сол елден асқан бақытты ел жоқ.

Хилон: Қай мемлекетте заңды көбірек, шешендерді азырақ тыңдаса, сол мемлекет жақсы [8, 72 б.].

Анахарсистің құқық жайлы көзқарастарын оның Крез патшаға берген жауаптарынан таба аламыз. Крез оған «жан біткеннің қайсары, жан біткеннің әділеттісі кім?» деген сұрақ қояды. Оған Анахарсис түз тағысы деген жауап береді. Ол түз тағысының тек табиғат заңын мойындайтындығы үшін қайсар да әділетті болатындығын айтады. Анахарсис өз жауаптарында адамдар жасаған заңнан құдай заңын артық қойып, адамдар заңынан құдай заңы әділетті деген тұжырым жасайды. Ол дала тағысының тек табиғат заңдарына ғана бағынатындықтан әділетті өмір сүретіндігін айта келе, табиғатты құдай жаратқанын, сәйкесінше, табиғат заңы құдай заңы екендігін, ал, қолданыстағы заңның адамдардың ақыл-ойының туындысы екендігін алға тартады. Осылайша, ол өзінің адам орнатқан заң тәртіптеріне бағынғаннан құдай жаратқан табиғат заңдарының талаптарын орындағанды артық көретіндігін жеткізеді. Крездің «Данышпандардың данышпаны да сол сенің түз тағыларың болып жүрмесін?!» деген кекесінді сұрағына «Иә, дәл солай. Өйткені табиғаттың, Құдайдың заңын адамдардың заңынан жоғары санау – данышпандықтың басты белгісі» деп жауап береді [7, 49 б.]. Құдайға қатысты ойларын Анахарсис келесідей жалғастырады:

«Егер от, су, жел, бұлттар, жанбыр құдайдың біреулерді құтқаратын, біреулерді жоятын құралы болса, онда жануарлардың оның істері үшін түкке пайдасы болмауы таңқаларлық жағдай болар еді. Олардың құдайдың еркімен байланысты екендігі және скифтерге садақтың, эллиндерге флейтаның қызмет ететіні сияқты құдайға қызмет ететіні айдан анық [10, 261 б.]. Осылайша ол жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің құдай заңдарына бағынатындығына, құдай еркімен байланысты өмір сүретіндігіне тағы да тоқталып өтеді.

Анахарсис зорлық-зомбылық пен күш көрсету атаулығы қарсы болды, ол алғаш рет Солонмен бірге атлеттердің өзара күресін көрген кезде «Эллиндер зорлық-зомбылыққа қарсы заң шығарды, бірақ, төбелеске түсіп бір-бірін зәбірлеушілерге сыйлық береді» деп таңданысын жасара алмаған екен.

Анахарсис афиндіктерге хатында эллиндер еліндегі тілге байланысты кемсітушілікті, олардың өз тілінде қате сөйлеген адамға менсінбей қарауын сынға алады. Ол аттика тілінде керемет сөйлейтін, бірақ, үлкен зиян келтіруі мүмкін адамдардың соңынан ергенше, сөйлеу тілі нашар болса да ниеті жақсы адамдардың тілін алған дұрыс деген пікір білдіреді. Олай ойлауының басты себебі ретінде ақылды адамдардың барлығының ойы бір жерден шығатынын келтіреді.

Адамдардың барлығының тең екендігін, бір халықтың екінші халықтан еш артықшылығы жоқ екендігін Анахарсис Солонға жазған хатында нақты мысалдармен дәйектейді. Ол эллиндердің мәдениетінің алға озып, кейбір мәселелер бойынша сақтардан көп жетістіктерге жетсе де саналық деңгейде сақтармен бір дәрежеде екендігін айта келіп, гректер мен варварлардағы ақылдылық пен ақымақтықтың белгілері бір екендігін алға тартады. Осылайша, Анахарсис шыққан ұлтына қарамастан адамдардың тең дәрежеде болатындығын, адамдарға олардың ұлтына қарап баға беруге болмайтындығын түсіндіреді.

Лукиан Самосатский Анахарсис пен Солонның арасында болған әңгімені «Анахарсис немесе денені жаттықтыру жайлы» деген әңгімесінде баяндайды. Бұл әңгімеде олар әр елдің өз салт-дәстүрі жайлы және оларды бөтен елдің адамдарының қалай қабылдайтындығы жайлы сөз етеді. Солон Спартадағы Ликург заңдары бойынша жасөспірімдерді сабап, шынықтыру жайлы айтқан соң Анахарсис былай деді: «Сен мүмкін адамның өзіне де еліне де қажеті болмаса

да екі қолын көтеріп тұрып соққы жеуінің қалай болатындығын түсінетін боларсың. Мен егер қашан да бір Спартаға барып осы істің үстінен түсер болсам, жасөспірімдерді ұрылар мен тонаушылар немесе өзге де қылмыскерлер сияқты ұрып қорлағаны үшін халықты таспен ұрып қуалайтын болармын. Менің ойымша, еріккеннен өз азаматтарын осындай күлкілі жағдайда қорлайтын мемлекет томар дәрі (улы шөп) тамырына зәру» [9, 228 б.]. Бұдан біз Анахарсистің мемлекеттің қандай жағдай болмасын өз билігін шектен тыс пайдаланып, азаматтарға артық қысым көрсетуіне қарсылығын байқаймыз. Анахарсис үшін тұрпайы болып көрінген денені жаттықтыру жайлы түсіндіріп берген соң, Солон одан «Әрине, Анахарсис, гимнастика саған бөтен, скиф әдет-ғұрпына жат болып көрінуі мүмкін, сол сияқты сендерде де сен біздің

сабақтарымызға қатысқан сияқты біздікілердің бірі қатысса біздерге, эллиндерге тұрпайы көрінетін оқу мен үйрену пәндері бар шығар» деп сұрайды. Анахарсис оған күннің батып кеткенін айтып әңгімені ертең жалғастыруды ұсынады. Осылайша, екі ойшыл әрқайсысының дүниетанымының өзі үшін артықтығын түсініп, оны өз түсінігімен қарастыруға болмайтыны жайлы ой түйіндейді.

Анахарсистің саяси-құқықтық ой-пікірлерімен таныса отырып, біз оның екі бірдей мәдениетті бойына сіңіріп, мемлекет пен құқық жайлы тұшымды ойлар тудыра білген өз заманының озық ойшылы дәрежесіне көтерілген ғұлама екендігіне көз жеткіземіз. Дей тұрсақ та, Анахарсистің саяси-құқықтық ұстанымдарына эллинизмнің тигізген әсерін жоққа шығара алмаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Алтаев Ж. Анахарсистен бастау алған дала философиясы Төле биге де өз әсерін тигізді. //Аңыз адам. №22(34) қараша 2011 ж. – 30-31 бб.
- 2 Есім Ғ. Анахарсис. //Қазақстан Республикасы ҰҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. – №3. –1993. – 25-32 бб.
- 3 Диоген Лаэртский. О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. – М.: Мысль, 1979. – 620 с.
- 4 Хазанов А.М. Социальная история скифов. – М.: Наука, 1975. – 344 с.
- 5 Нахов И.М. Антология кинизма. Фрагменты сочинений кинических мыслителей. – М.: Наука, 1984. – 399 с.
- 6 Геродот. Страна Скифов. – Алматы: Кочевники, 2003. – 168 с.
- 7 Дәдебаев Ж. Адам және заман. – Алматы: Өнер, 2007. – 368 б.
- 8 Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: он томдық. 3-том: Көне жазба мұралар тағылымы (б.з.д. 1-мыңжылдық – ХҮ ғ. соңы). – Алматы, 2007. – 480 б.
- 9 Лукиан Самосатский. Сочинения. Том 1. – Санкт-Петербург: Алетея, 2001. – 480 с.
- 10 Плутарх. Застольные беседы. – Л.: Наука, 1990. – 390 с.

References

- 1 Altaev Zh. Anaharsisten bastau alfan dala filosofijasy Töle bige de өз әсерін тигізді. //Аңыз адам. №22(34) қараша 2011 ж. – 30-31 б.
- 2 Esim F. Anaharsis. //Қазақстан Respublikasy ҰҒА Habarlary. Қоғамдық ғылымдар serijasy. – №3. –1993. – 25-32 б.
- 3 Diogen Lajerts kij. O zhizni, uchenijah i izrechenijah znamenityh filosofov. – М.: Mysl', 1979. – 620 s.
- 4 Hazanov A.M. Social'naja istorija skifov. – М.: Nauka, 1975. – 344 s.
- 5 Nahov I.M. Antologija kinizma. Fragmenty sochinenij kini-cheskih myslitelej. – М.: Nauka, 1984. – 399 s.
- 6 Gerodot. Strana Skifov. – Almaty: Kochevniki, 2003. – 168 s.
- 7 Dәdebaev Zh. Adam zhәne zaman. – Almaty: Өner, 2007. – 368 bet.
- 8 Қазақтың тәлімдік оғлар antologijasy: on tomдық. 3-tom: Көне zhazba мұралар тарылымы (b.z.d. 1-мыңжылдық – НҮ ғ. соңы). – Almaty, 2007. – 480 bet.
- 9 Lukian Samosatskij. Sochinenija. Tom 1. – Sankt-Peterburg: Aleteja, 2001. – 480 s.
- 10 Plutarh. Zastol'nye besedy. – L.: Nauka, 1990. – 390 s.